2026 жылғы 29 қарашада өтетін кезектен тыс сайлауда облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының мәслихаттары депутаттығына кандидаттарға «NS Радиосы – Ұлттық Желі» телерадиокомпаниясы» ЖШС-нің республикалық радиоарнасында эфир уақытын беру шарттары мен тәртібі туралы

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

«NS Радиосы – Ұлттық Желі» телерадиокомпаниясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «N-S радиосы» радиостанциясының меншік иесі ретінде (бұдан әрі - Радио) Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңына сәйкес, Қазақстан Республикасы Президентінің 2026 жылғы 12 қазандағы №1521 Жарлығымен 2026 жылғы 29 қарашаға тағайындалған облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының Мәслихаттарына кезектен тыс сайлауда Мәслихат депутаттығына кандидаттардың сайлауалды үгіт материалдарын (бұдан әрі - Үгіт материалдары) орналастыру үшін эфир уақытын беру күні, шарттары мен тәртібі туралы хабардар етеді.

Сайлауалды үгіт Мәслихат депутаттығына кандидаттарды тіркеу мерзімі аяқталған сәттен басталып, сайлау алдындағы күннің жергілікті уақыт бойынша сағат 00:00-де аяқталады. Осыған сәйкес, үгіт материалдарын Радио эфиріне орналастыру **2026 жылғы 1 қарашада сағат 18:00-ден бастап 28 қарашада сағат 00:00-ге дейін** жүзеге асырылады.

Эфир уақыты мемлекеттік және/немесе орыс тілдеріндегі ұзақтығы 60 (алпыс) секундтан аспайтын Радио аудироликтері түріндегі үгіт материалдарын орналастыру үшін беріледі.

Эфир уақытын беру туралы шарт жасасуға облыстың немесе қаланың Мәслихаты депутаттығына аумақтық сайлау округі бойынша кандидаттың сенім білдірілген немесе уәкілетті тұлғасының бұқаралық ақпарат құралы меншік иесі басшысының атына жолдаған жазбаша өтініші негіз саналады.

Үгіт материалдарының саны, ұзақтығы, эфирге шығатын болжамды күні мен уақыты медиажоспарда көрсетіледі.

Кандидаттардың сенім білдірілген немесе уәкілетті тұлғаларының өтініштері өтініштерді тіркеу журналына келіп түсу кезектілігі бойынша тіркеледі. Әрбір өтінішке реттік нөмір беріліп, оның келіп түскен күні көрсетіледі.

Жазбаша өтінішке мынадай құжаттар қоса берілуге тиіс:

1) Кандидаттың тіркелгенін растайтын құжаттың көшірмесі;

2) Кандидаттың сенім білдірілген тұлғасының өкілеттігін растайтын құжаттың көшірмесі, оның ішінде уәкілетті орган берген куәліктің көшірмесі;

3) Өтініш беретін кандидаттың сенім білдірілген тұлғасының жеке куәлігінің көшірмесі;

4) Шарт жасасуға өкілеттік берілгенін растайтын тұлғаның құжаттары;

5) Аудиоматериал мәтінінің қағаздағы жазбаша нұсқасы.

Кандидаттардың үгіт материалдарын эфирге орналастыру кезектілігі жазбаша өтініштердің келіп түсу ретіне қарай айқындалады. Өтініштер бір мезгілде келіп түскен жағдайда, кезектілік жеребе тарту арқылы белгіленеді. Жеребе тарту тәртібін Радио айқындайды.

Егер жазбаша өтініш келіп түскен сәтте сұратылған эфир уақыты бұған дейін өтініш берген басқа кандидатқа ұсынылған болса немесе техникалық мүмкіндіктерге байланысты берілуі мүмкін болмаса, Радио өз мүмкіндіктерін ескере отырып, үгіт материалдарын орналастыру үшін басқа уақыт ұсынады.

Үгіт материалдары жоспарланған эфирге шығу күнінен кемінде 3 (үш) күнтізбелік күн бұрын Радиоға ұсынылуы тиіс. Материалдардың форматы: **MP 3, 320 kbps/44 100 Hz**. Материалдар флеш-картада ұсынылады.

Барлық үгіт материалдарында олардың ақылы негізде орналастырылғаны, қаржыландыру көздері және ақпаратты ұсынған адамның тегі туралы мәліметтер болуға тиіс.

Үгіт материалдарын ұсынған кандидаттар олардың мазмұнының Қазақстан Республикасы заңнамасының, оның ішінде авторлық құқық пен сабақтас құқықтар саласындағы заңнаманың талаптарына сәйкестігі үшін дербес жауап береді.

Осы ақпараттық хабарламада немесе тиісті шартта көзделген талаптар мен тәртіп бұзылған жағдайда, үгіт материалдары эфирге шығарылмайды немесе анықталған бұзушылықтар жойылғанға дейін олардың эфирге берілуі тоқтатылады.

Бұқаралық ақпарат құралының меншік иесі үгіт материалдарында конституциялық құрылысты күшпен өзгерту, республиканың тұтастығын бұзу, мемлекеттің қауіпсіздігіне нұқсан келтіру идеялары, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, таптық немесе рулық алауыздықты қоздыруға, қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа табынуға бағытталған, сондай-ақ, заңнамада көзделмеген әскерилендірілген құралымдар құруға шақыру, басқа кандидаттардың ар-намысына, қадір-қасиетіне немесе іскерлік беделіне нұқсан келтіруі мүмкін ақпарат болған жағдайда оларды эфирге шығарудан бас тартады.

Осы ақпараттық хабарламада көрсетілген эфир уақытын беру шарттары мен тәртібі Қазақстан Республикасының уәкілетті органдарының талаптарына сәйкес өзгертілуі мүмкін.

Үгіт материалдарын орналастыру құны:

Астана қаласы, Алматы қаласы, Шымкент қаласы, Абай облысы, Ақтөбе облысы, Атырау облысы, Шығыс Қазақстан облысы, Жамбыл облысы, Жетісу облысы, Батыс Қазақстан облысы, Қарағанды облысы, Қостанай облысы, Қызылорда облысы, Маңғыстау облысы, Павлодар облысы, Солтүстік Қазақстан облысы бойынша ұзақтығы 30 секундқа дейінгі аудироликті бір рет эфирге шығару құны ҚҚС-ты қоса алғанда 3 596 (үш мың бес жүз тоқсан алты) теңге 00 тиынды құрайды.

Ұзақтығы 30 секундтан өзгеше аудироликтерді орналастыру кезінде мынадай коэффициенттер қолданылады: 31–45 секунд — 1,5; 46–60 секунд — 2,0.

Орналастыру құнына барлық қолжетімді хабар тарату ортасы (эфирлік, баламалық, эфирлік сандық, спутниктік, сонымен қатар, кабельдік операторлар, сондай-ақ Интернет желісіндегі онлайн хабар тарату арқылы жүзеге асырылатын) тарату және қайта тарату кіреді.

Жасалған шарт бойынша үгіт материалдарын орналастыру үшін төлем бұқаралық ақпарат құралының меншік иесі ұсынған шот негізінде, шот берілген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

Бұқаралық ақпарат құралының меншік иесі жазбаша өтініштерді **2026 жылғы 23 қазаннан 24 қарашаға дейін қоса алғанда**, демалыс және мереке күндерін қоспағанда, сағат 10:00-ден 17:00-ге дейін, түскі үзіліспен: сағат 13:00-ден 14:00-ге дейін Алматы қаласы, «Самал-1» ықшам ауданы, 36-үй мекенжайы бойынша, сондай-ақ smarenko@ns.kz электрондық поштасы арқылы қабылдайды.

Факсимильдік байланыс және Интернет арқылы жіберілген жазбаша өтініштер қабылданбайды.

«NS Радиосы – Ұлттық Желі» телерадиокомпаниясы» ЖШС

Бас директоры **М. Қ. Исенова**

«УТВЕРЖДАЮ»
И.о. Генерального директора
ТОО «AMANAT MEDIA GROUP»

Кожаев Ш.М.

М.п.

«УТВЕРЖДАЮ»
Генеральный директор
ТОО «Телерадиокомпания
«NS Радио – Национальная Сеть»

Исенова М.К.

М.п.

Прайс-лист на размещение предвыборных рекламных аудироликов кандидатов в депутаты Маслихатов в территориальные избирательные комиссии областей и городов Астана, Алматы и Шымкент в эфире ТОО «Телерадиокомпания «NS Радио – Национальная Сеть»

Действителен на период предвыборной агитации в соответствии с законодательством Республики Казахстан

№	Область	Территория распространения	Стоимость выхода одного аудиоролика до 30 сек., в тенге с НДС
1	Город республиканского значения	Астана	3 596
2	Город республиканского значения	Алматы	3 596
3	Город республиканского значения	Шымкент	3 596
4	Абайская	Абайская область	3 596
5	Актюбинская	Актюбинская область	3 596
6	Атырауская	Атырауская область	3 596
7	ВКО	Восточно-Казахстанская область	3 596
8	Жамбылская	Жамбылская область	3 596
9	Жетысуйская	Жетысуйская область	3 596
10	ЗКО	Западно-Казахстанская область	3 596
11	Карагандинская	Карагандинская область	3 596
12	Костанайская	Костанайская область	3 596
13	Кызылординская	Кызылординская область	3 596
14	Мангистауская	Мангистауская область	3 596
15	Павлодарская	Павлодарская область	3 596
16	СКО	Северо-Казахстанская область	3 596

Продолжительность ролика (секунд)	Коэффициент
31 – 45	1,5
46 – 60	2,0

*Время выходов аудироликов с 08:00 до 23:00, в течение дня